

**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының  
Орыс тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігінің  
2024-2025 оқу жылындағы атқарылған жартыжылдық іс-шара есебі**

2024-2025 оқу жылында орыс тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігінде 13 мұғалім жұмыс атқарды, оның ішінде педагог-зерттеуші Даулетова М.У., Тилеубергенова Л.А., Сарсенова Н.Н., педогог-сарапшы Сейтжанова Э., Алпысбаева Ж., Агжигитова С., Елемесова Ж., педагог-модератор Кальменова Р., Рахмбердиева А., Сермапизова А., Шлязова А., санаты жоқ мұғалімдер Есенбай С., Айдарова Н. Тамыз айында сағат жүктемелері бөлініп, күнтізбелік жоспарлар бекітілді. Оқу жыл басында сағат жүктемелері бөлініп, күнтізбелік жоспарлар бекітілді. Тамыз айында бірінші бірлестік отырысы болып өтті. Онда бірлестік жұмысының жоспары, мұғалімдердің міндеттерімен таныстырылып бекітілді. Кабинет меңгерушілері бекітіліп, кабинеттер тазартылып, жабдықталды. Айлық, жылдық жоспарлар түзіліп, бекітілді, яғни орыс тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігінің әдістемелік тақырыбы: «Орыс тілі мен әдебиеті пәні сабағында білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру». Сабақ барысында пән мазмұнының ұғымдарын қолдануға қажетті сөздік қорын қалыптастыру (мысалы, топтық жұмыстар, сұрақты дұрыс қоя білу, жағдайды талдау және пікірталас жүргізу үшін қажетті сөздік қор), тапсырмалар дайындау кезінде танымдық қабілеттеріне және оқу мақсаттарына сәйкестендіріп, нақтылап дайындалу, жалпы орта білім деңгейіндегі пәндерді оқытудың ерекшеліктері оқу бағдарламасына сәйкес инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қысқа мерзімді жоспарды оқушылардың қажеттілігі мен үлгеріміне қарай түзету енгізе отырып, бейімдеу, компьютерлік технологияларды пайдалана білім беру құзыреттілігін қалыптастыру мақсаты қойылды.

04.11.2024 ж. – 15.11.2025 ж. күндері аралығында орыс тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігінің «Русский язык – язык дружбы и согласия» тақырыбында онкүндік өтті. Мақсаты: оқушылардың білімін тереңдету, мұғалімдердің кәсіби тәжірибе алмасуы, әріптестер арасында жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді бөлісу, тиімді оқыту әдістемелерін көрсету, инновациялық технологияларды қолдану, заманауи құралдар мен әдістерді сабақ барысында көрсету арқылы оқыту үдерісін жетілдіру, педагогикалық шеберлікті арттыру, мұғалімдердің сабақты ұйымдастыру шеберлігін көрсету және жетілдіру.

05.11.2024ж күні мұғалімдер Алпысбаева Жамиля және Рахмбердиева Айсара 5 сыныптар арасында «Волшебный мир сказок» тақырыбында шығармашылық суреттер сайысын өткізді. Оқушылар тақырыпқа қызығушылық танытып, сайысқа белсенді қатысты. Сайыста жеңімпаз болғандар: 5 Д сынып оқушысы Кенжехан Айдана – 1 орын, 5 Д сынып оқушысы Абдумалик Нурдаулет - 2 орын, 5 В сынып оқушысы Полат Аружан – 3 орын.

06.11.2024ж күні мұғалім Елемесова Жадыра 9 А сыныбында ««Певец свободы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта мұғалім өз ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Құндылыққа, шығармашылыққа бай сабақ болып өтті. Мұғалімде ізденіс бар. Сабақта жасанды интеллект арқылы ақын туралы шығармашылық өмірімен таныстырды. Оқушылар шығарманың үзіндісінен қойылым қойып, актерлік шеберліктерін көрсетті. Пушкиннің шығармасын мұғалім өз аудармасын оқушыларға өлеңнің мағынасын жақсы түсіну мақсатында ұсынды.

06.11.2024ж күні мұғалім Сейтжапова Эльмира 8 В сыныбында «Мир, созданный трудом» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта мұғалім өз ісіне деген сенімділігін өзін-өзі



ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Құндылыққа, шығармашылыққа бай сабақ болып өтті. Мұғалімде ізденіс бар. Цифрлық Wordwall платформасында «Моя любимая профессия» «Своя игра» викторина арқылы, «Угадай профессию» сайыстары арқылы сабақты қызық өткізді. Оқушылар шығарманың үзіндісінен қойылым қойып, актерлік шеберлектерін көрсетті. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

06.11.2024ж күні мұғалім Даулетова Махира 5 В сыныбында «Мы с приятелем друзья» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта мұғалім өз ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Оқушылар «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады. Құндылыққа, шығармашылыққа бай сабақ болып өтті. Мұғалімде ізденіс бар. Сабақта топтық, жұптық жұмыстар жүргізді. Цифрлық Wordwall платформасында «Найди пару», «Исследователь» әдістерін пайдаланды. Кері байланысты оқушылар Padlet платформасы арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

08.11.2024ж күні мұғалімдер Тилеубергенова Л., Сейтжанова Э., Елемесова Ж. 9-х сыныптар арасында «Турнир знатоков русского языка и литературы» тақырыбында сабақтан тыс іс-шара өткізді. Сайыс 11 турдан болды: морфологиялық. Лексикалық, сөз тудырушы, қалпына келтіру морфемалық. 2 команда қатысты. Іс шара өте қызықты өтті, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырды.

11.11.2024ж күні мұғалім Серманизова А. в 4А сыныбында «Мудрость народа» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта мұғалім өз ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Цифрлық платформа Wordwall платформасы арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. Мақтау-мадақтау арқылы бағаланады. «Бірлік және ынтымақ» құндылығы бойынша оқушылар командада жұмыс істей білді, өзгелерге мейірімділік пен жанашырлық танытты, топтық жұмыстарда бір-біріне көмек көрсетті. Кері байланысты оқушылар «Интервью» әдісі арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

11.11.2024ж күні мұғалім Алпысбаева Ж. в 4 сыныбында ««Пословица – всем делам помощница» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта топтық, жұптық жұмыстар жүргізді. Цифрлық Wordwall платформасында «Найди соответствие» әдістерін пайдаланып, мақал мәтелдермен оқушылардың сөздік қорын байытты. Сабақта мұғалім өз ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Кері байланысты оқушылар «Дерево успеха» әдісі арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

11.11.2024ж күні мұғалім Айдарова Н. в 5 Б сыныбында «Мы с приятелем друзья» тақырыбында ашық сабақ өтті. Цифрлық платформа Wordwall платформасы, «Законы дружбы» әдісі арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсірді. Мақтау-мадақтау арқылы бағаланады. «Бірлік және ынтымақ» құндылығы бойынша оқушылар командада жұмыс істей білді, өзгелерге мейірімділік пен жанашырлық танытты, топтық жұмыстарда бір-біріне көмек көрсетті. Кері байланысты оқушылар «Интервью» әдісі арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

12.11.2024ж күні мұғалім Шлязова А. 3 Ә сыныбында «Мы с приятелем друзья» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар «Ложная альтернатива» әдісі арқылы сыныпта



жағымды ахуал орнатады. Оқушылар «Стакандар» түсі бойынша топтарға бірікті. Топтық жұмыста «Карта историй» арқылы шығарма сюжетінің реттілігін жинақтайты. Цифрлық платформа Learning.app платформасы арқылы өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. «Мақтау, мадақтау, бас бармақ» әдісі арқылы ынталандырады. Құндылыққа бай сабақ өтілді. Кері байланысты оқушылар «Фразы» әдісі арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

13.11.2024ж күні мұғалім Агжигитова Сауле 4В сыныбында «Пословица всем делам помощница» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ қызықты өтті. Сабақта мұғалім өз ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Мұғалімде ізденіс бар. «Көршінді тексер» әдісі арқылы үй тапсырмасын тексерді. Цифрлық Wordwall платформасы арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. Мақтау-мадақтау арқылы бағаланады. «Бірлік және ынтымақ» құндылығы бойынша оқушылар командада жұмыс істей білді, өзгелерге мейірімділік пен жанашырлық танытты, топтық жұмыстарда бір-біріне көмек көрсетті. Сабақта «Пирамидная история», «Вен диаграммасы» әдістерін пайдаланды. Кері байланысты оқушылар «Мысли во времени» әдісі арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

13.11.2024ж күні мұғалім Тилеубергенова Л. в 9В сыныбында ««Береги честь смолоду!» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ қызықты өтті. Сабақта мұғалім өз ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Мұғалімде ізденіс бар. Цифрлық Wordwall платформасы әдісі арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсірді. Мақтау-мадақтау арқылы бағаланады. «Бірлік және ынтымақ» құндылығы бойынша оқушылар командада жұмыс істей білді, өзгелерге мейірімділік пен жанашырлық танытты, топтық жұмыстарда бір-біріне көмек көрсетті. Сабақта «Догадайся!», «Вен диаграммасы» әдістерін пайдаланды. Кері байланысты оқушылар «Лестница успеха» әдісі арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

13.11.2024ж күні мұғалім Рахмбердиева А. в 6Д сыныбында «Солнцестояние или равноденствие» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» әдісі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады. Оқушылар помер алу бойынша топтарға бірікті. Цифрлық Wordwall платформасы арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. «Стикер жинау» әдісі арқылы бағаланады. Құндылыққа бай сабақ өтілді. Сабақ ортасында сергіту сәтінде оқушылар «Кім жылдам» ойынын ойнап, шоколад ұтысына ие болды. Оқушылар топтық, жұптық және жеке тест тапсырмасын орындап үлгерді. Сабақ қызықты өтті. Сабақта мұғалім өз ісіне деген сенімділігін өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруде сөз саптауы, мұғалімнің өз ісіне деген сенімділігін танытты. Мұғалімде ізденіс бар. Кері байланысты оқушылар «Дерево успеха» платформасы арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды. «Бірлік және ынтымақ» құндылығы бойынша оқушылар командада жұмыс істей білді, өзгелерге мейірімділік пен жанашырлық танытты, топтық жұмыстарда бір-біріне көмек көрсетті.

14.11.2024ж күні мұғалім Кальменова Р. 10 А сыныбында «М.Булгаков. «Собачье сердце» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар бір-біріне жақсы көңіл – күй мен сабақ барысында өздеріне сәттілік тіледі. Цифрлық quizzz платформасында үй тапсырмасын тексерді. Цифрлық платформа wordwall платформасы арқылы миға шабуыл жасап, өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. «Күнделік» әдісі арқылы бағаланады, яғни әрбір дұрыс жауапқа балл қосып отырады. Құндылыққа бай сабақ өтілді. Оқушылар шығарманың үзіндісінен қойылым қойып, актерлік шеберлектерін көрсетті. Оқушылар топтық, жұптық және жеке тапсырмасын орындап үлгерді. Кері байланысты оқушылар



«Лестница успеха» әдісі арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды. Мұғалімде ізденіс бар

14.11.2024ж күні мұғалімдер Серманизова А., Айдарова Н. 3,4 - сыныптар арасында сыныптан тыс іс-шара «Мақал - мәтелдер» сайысын өткізді. Оқушылар «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін» әдісі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады. «Бірлік жәнс ынтымақ» құндылығы бойынша оқушылар командада жұмыс істей білді, өзгелерге мейірімділік пен жанашырлық танытты, топтық жұмыстарда бір-біріне көмек көрсетті. Сайыстағы жеңімпаздар: 5Д сынып оқушысы Кенжехан Айдапа – 1 орын, 5Д сынып оқушысы Абдумалик Нурдаулет - 2 орын, 5В сынып оқушысы Полат Аружан – 3 орын. Пән мұғалімдері төменде көрсетілген жоспары бойынша ашық сабақтарын және сыныптан тыс іс-шараларды жоғары деңгейде өткізді.

Бірлестіктегі әр мұғалім өздері сабақ беретін сыныптарда қабілеті жоғары оқушылармен атқарылатын жұмыс түрлерін оқу жылының басында жоспарлаған болатын. Сол жоспарға сай пән мұғалімдері өз жұмыстары туралы есептерін тоқсан сайын беріп отырды.

Жоғарыда көрсетілген пән мұғалімдері өздері көрсеткен үлгерімі жоғары оқушыларға арнайы тапсырмалар беріп, сабаққа үлестірмелі кестелермен жұмыс түрлері жүргізіледі. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдер пайдаланып, шығармашылық тапсырмалар беріліп отырылды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар сабақтарда тиімді беріліп отырылды. Әдістемелік бірлестік отырысында кемшіліктер туралы сөз қозғалып, қабілеті төмен оқушылармен жұмысты нығайта түсу, оқушыларды барынша өз қабілеттерімен көзге түсе білуге баулу мақсат етіледі.

2024-2025 оқу жылының тамыз қыркүйек айларынан бастап мектебіміздегі 5-11 сынып оқушылар арасында орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша үлгерімі нашар оқушылар анықталған.

Үлгерімі нашар балалармен жұмыс түрлері анықталып, аталған оқушылармен сабақ беретін пән мұғалімдері жұмыс жүргізді. Бұл оқушылардың барынша пәнге деген қызығушылығын арттыруға арналған тапсырмалармен қосымша суреттермен жұмыс, кестелермен жұмыс, деңгейлік тапсырмалар т.б жұмыс түрлері ұйымдастырылып өзіндік сауатын ашуға арналған жаттығулар, орындалып отырылды. Соның арасында орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша 2 деген баға қорытылған оқушылар болмады. Сабақ үстінде деңгейлеріне лайықталған тапсырмалар беріледі. Сынып жетекшісі ата-аналарымен хабарласып, баланың білім алудағы жетістіктері мен кемшіліктері туралы мағлұмат беріп отырады.

Бізге мәлім әр сыныптағы оқушылардың жас шамасы қатар болса да түсінуі, оқуды қабылдау қабілеті әр түрлі. Соның нәтижесінде әр сыныпта бақылау жұмысынан екіліктер алатын, сабаққа деген ынтасы төмен оқушылар кездесіп отыр. Мұндай оқушыларды сабақ барысында толық үлгерімге жеткізіп отырылғанымен бақылау жұмысы кезеңінде үлгерім сапасын төмендетуде. Үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру әр ұстаздың міндеті. Сондықтан үлгерімі төмен оқушылар анықталды, оларға арналған жұмыс жоспары түзілді. Бақылау жұмыстары мен тоқсандық үлгерім нәтижелері бойынша мониторинг жасалынды.

Желтоқсан айында «Балалар кітапханасы» бағдарламасы бойынша 9 сыныптар оқушыларымен пән мұғалімі Бекбасва Индира Бейімбет Майлиннің туылғанына 130 жыл толуына орай «Б.Майлин - қазақ әдебиетінің қас шебері» мектеп кітапханасында атты әдеби танымдық кеш өтті. Б.Майлиннің «Ұлпан» повесін оқып, шығарма үзіндісіне қойылым қойды. Мақсаты: Қазақ әдебиетінің көркекті тұлғасы Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығымен тереңірек таныстыру.

Іс-шара барысында Б.Майлиннің өмірбаяны, шығармашылығы туралы мәлімет айтылып, оқушылар ақынның өлеңдерін жатқа оқыды. «Ақынның репрессияға ұшырауы туралы естеліктер» қысқаша бағдарлама жасалып, Б.Майлиннің «Ұлпан» әңгімесінен сәулеттік көрініс көрсетілді.



Келесі мәселе бойынша жаңартылған білім бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және қатысу деңгейін талқыланды. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу біліктілікті арттыру орталығы» ұйымдастырған орыс тілі мен әдебиеті пәнінен пәндік құзыреттіліктерін білім бойынша біліктілігін арттыру курстарына баратын мұғалімдердің сұраныстары ҚББ-ға жіберілді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы ұйымдастырған орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің дамыту пәндік құзыреттіліктерін Есенбай А., Айдарова Н., Шлязова А. оқып, білімдерін жетілдіріп келді.

### **Орыс тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің 2024-2025 оқу жылындағы жетістіктері**

2024 жылдың қазан айында Дарын орталығы ұйымдастырған 5-6 сынып оқушылар арасында мектепшілік пәндер олимпиадасына қатыстыру мақсатында мектепшілік пән олимпиадасына оқушылар қатыстырылып сұраныс берілді.

2024 жылдың қараша айында Дарын орталығы 9-11 сынып аралығында ұйымдастырған оқушылар арасында мектепшілік пәндер олимпиадасына қатыстыру мақсатында мектепшілік пән олимпиадасына оқушылар қатысылып сұраныс берілді.

### **Оқушылардың жетістіктері**

Шымкент қаласы білім басқармасы «Дарын» орталығы ұйымдастырған жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасына орыс тілі пәнінен қатысқан оқушылар келесі нәтижелер көрсетті: 6-сынып оқушысы Сағадат Бибіажар, жетекшісі Рахмбердиева А.Ш., екінші (аудандық) кезеңінің 2-орын жүлдегері болып, II-дәрежелі дипломмен марапатталды.

Шымкент қаласы білім басқармасы «Дарын» орталығы ұйымдастырған жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасына орыс тілі пәнінен қатысқан оқушылар келесі нәтижелер көрсетті: 7-сынып оқушысы Сапаралиева Каусар, жетекшісі Рахмбердиева А.Ш., екінші (аудандық) кезеңінің 2-орын жүлдегері болып, II-дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Шымкент қаласының Дарын орталығы» КММ ұйымдастырған жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші (аудандық) кезеңінің жүлдегері Анарқұл Абылай марапатталды \ жетекшісі Сейтжапова Э.А.

### **Шымкент қаласы білім басқармасының әдістемелік орталығы**

«Тіл - білімнің кілті» атты қалалық сырттай өссе байқауына қатысып, жоғары деңгейде шығармашылық жұмысын көрсеткені үшін 10 сынып оқушысы Тохтамысова Балхадияша III дәрежелі дипломмен марапатталды /жетекшісі Кальменова Р.К./.

„Тіл - білімнің кілті“ атты қалалық сырттай өссе байқауына қатысып, жоғары деңгейде шығармашылық жұмысын көрсеткені үшін №136 жалпы орта білім беретін мектебінің 9 - сынып оқушысы Толентай Көркем III дәрежелі дипломмен /жетекшісі: Елемесова Жадыра Диханбаевна

### **Мұғалімдердің жетістіктері**

1. Рахмбердиева А.Ш.: 1) «Түркістан ұстазы!» республикалық ғылыми-әдістемелік журналында 2024 жылғы желтоқсан айындағы №12 нөмірінде «Современные педагогические технологии на уроках русского языка и литературы!» мақаласын жариялады.

2) Фразеологизмы, пословицы и их значение в произведениях Абая Кунанбаева» әдістемелік құрал

«Игра-тренинг для старшекласников по профориентации» әдістемелік құрал



2. Кальменова Р.К.: 1) Ғылыми-әдістемелік Журнал «Педагогикалық шеберлік», 2024ж., мақала «Коммуникативное преподавание языков»

2) Әдістемелік құрал "ЗАДАНИЯ дополнительных занятий для учащихся с низкой успеваемостью» по предмету «РУССКИЙ ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА» әдістемелік құрал

3. Елемесова Жадыра Диханбаевна: 1) Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы «TURKISTAN USTAZY 2024» «Развитие навыков говорения и слушания на уроках русского языка»

4. Ағжигитова Сауле Алимжановна: 1) Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы «TURKISTAN USTAZY 2024» «Развитие навыков говорения и слушания на уроках русского языка»

Қараша айында «Lesson study» сабақты зерттеуге арналған жоспары бойынша жұмыстар жүргізілді. мақсаты: Мұғалімдерге оқушыларды зерттеуге, қызығушылығын арттыруға, білім сапасын көтеруге, мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарылатуға, бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсілді қолдану арқылы жұмыстар жүргізу.

- Оқушыларға білім алуға көмектесу және топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету;
- Lesson Study бағытында жұмыс істейтін мұғалім әрбір оқушының деңгейін анықтау;
- Lesson Study циклінде С деңгейіндегі оқушылардың білімін В деңгейіне көтеру. Оқу жылы басында полдік бақылау жұмысының қорытындысы бойынша үлгерім көрсеткішіне байланысты 5-сыныптардан топ құрылып, зерттеу жұмысы қолға алынды. Мұғалімдердің зерттеу тақырыбы: «Lesson study тәсілін пайдалануда деңгейлеп, саралап оқыту технологиясының тиімділігі». Зерттеу жұмысы бойында өтілетін сабақтар кестесі құрылып, С деңгейлі оқушылар анықталып, сол оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін бақылау, сыныптың сабаққа қатысуы қолға алынды. Сабақтар жүргізілуде, зерттеу жұмыстары жалғасуда.

Білім сапасын көтеру мақсатында, бірлесіп жасалынатын «Lesson Study» зерттеу жұмыстары зерделеу жұмыстарының жоспары мен кестесі бойынша 5-9 сыныптар арасында жүргізілуде.

#### Lesson Study зерттеу сабағы

Білім сапасын көтеру мақсатында, мұғалімдердің бірлесіп жасалынатын «Lesson study» тәсілін пайдалануда деңгейлеп, саралап оқыту технологиясының тиімділігі тақырыбында ІІІ-тоқсанда бірлестіктің мұғалімдері төмендегі топ құрамында 5-сыныптар арасында, бағыт бойынша жұмыстарын жүргізді.

Зерттеуші мұғалімдер тобы:

1. Рахмбердиева Айсара, топ кураторы
2. Айдарова Несибели, 5В сыныптың орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
3. Даулетова Махира, 5В сыныптың орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
4. Алпысбаева Жамиля, 5Е сыныптың орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

2024-2025 оқу жылында 5-11 сынып оқушыларының білім сапасын анықтау үшін орыс тілі мен әдебиеті пәнінен мектепшілік бақылау жұмыстары алынып, қорытындысы мен сараптамасы жасалынды. Бақылау жұмыстары мен тоқсандық үлгерім нәтижелері бойынша орыс тілі мен әдебиеті пән 61 % білім сапасын көрсетті. Үлгерім сапасы жыл басында екі пәннен де 100% болды.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік бірлестігіне бекітілген 3 оқу кабинеті бекітілген. Оқу жылына арналған кабинет жоспары жасалынған, техника қауіпсіздігі

ережесінің бұрышы жасалған. Пән мұғалімдері дидактикалық материалдар санын көбейтуге өз үлестерін қосып отырды.

ӘБ жетекшісі



Рахмбердиева А.Ш.